

Павлодар облысы Качиры ауданының әкімшілік-аумақтық құрылымындағы өзгерістер туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 44/11 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 16 мамырда N 3021 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11 бабының 3) тармақшасына, Качиры ауданы мәслихатының (III сайланған IV сессиясы) 2004 жылғы 5 мамырдағы "Качиры ауданының әкімшілік -аумақтық құрылымындағы өзгерістер туралы" N 5-6 шешіміне, Качиры ауданы әкімдігінің 2004 жылғы 19 ақпандағы "Павлодар облысы Качиры ауданының әкімшілік-аумақтық құрылымындағы өзгерістер туралы" N 48/2 қаулысына облыс әкімдігінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі "Павлодар облысы Качиры ауданының әкімшілік-аумақтық құрылымындағы өзгерістер туралы" N 108/3 қаулысына сәйкес және Ивановка ауылдық округінің "Юбилейное" селосы тұрғындарының пікірін ескере отырып, облыстық мәслихат пен

облыс әкімдігі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Качиры ауданының Качиры және Ивановка ауылдық округтерінің шекараларына Качиры ауылдық округіне Ивановка ауылдық округіндегі "Юбилейное" селосының жалпы көлемі 846 га жер аумағы беріліп, өзгерістер енгізілсін:

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау және ақпараттық саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы

Г. Досжанова

Облыс әкімі

Қ. Нұрпейісов

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Р. Гафуров